

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 12 (28),  
шілде  
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



## Құрметті мұнайшылар!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Елорда күнімен шын жүректен құттықтаймын! Нұр-Сұлтан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық көрегендігімен бас қалаға айналды. Айбыны асқақтаған Елорда бүгінгі күні еліміздің саяси, экономикалық, ғылым мен мәдени және рухани өмірінің өзегі – Тәуелсіз мемлекетіміздің үлкен жетістігі. Мәңгілік ел болу жолындағы көпұлтты халқымыздың мерейі мен мәртебесі, абыройы мен айбары. Елорда бүгіндері қозғаушы күш ретінде нақты әрі батыл қадам жасап, үлгі ретінде бүкіл елді өзімен бірге алға бастап келеді. Нұр-Сұлтан қаласының дамуы еліміздің өзге өңірлеріне серпін береді. Соның арқасында бір кездері бізге тек арман болып көрінген мәселелер іс жүзінде шындыққа айналды. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы әлемдік аренада саяси көшбасшылардың, іскер әріптестер мен инвесторлардың, конфессиялар мен дін өкілдерінің, әлемдік мәдениет және өнер қайраткерлерінің бас қосатын орнына айналды. Қазіргі таңда қазақстандықтар өз астанасы Нұр-Сұлтан қаласын, оның жетістіктерін мақтан тұтады, жарқын болашағына сенеді.

## Қымбатты әріптестер!

Сіздерді маңызы зор мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, жемісті еңбек, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш тілеймін. Біздің өлкеміз де, біздің Отанымыздың жас және қарқынды дамып келе жатқан Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласымен бірге өркендеп, гүлдене берсін!

Игі тілекпен:  
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,  
«Ембімұнайгаз»  
АҚ Басқарма төрағасы



## ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Жуырда «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Шығыс Мақат кен алаңында жедел медициналық әрекет ету бойынша оқу-жаттығу шаралары ұйымдастырылды.

Шығыс Мақат кен алаңындағы №6 ПТ 16/150 мұнайды жылыту қазандығындағы өрт салдарынан күйік шалған аталған кен орынның мұнайды дайындау және айдау цехының тауарлы операторына дәрігерге дейінгі жедел медициналық көмек көрсету жұмысына цех басшылары мен жұмысшылары, басқару аппаратының қызметкерлері, «Медикер» ЖШС, «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС-нің 8 маманы, Мақат ауданның өртке қарсы қызметі бір кісідей атсалысып, екі арнаулы техника жұмылдырылды. Аталған оқу-жаттығу шарасына «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тең басқарушы директор Қ.Сақтағанов, жедел медициналық әрекет ету жобасының жетекшісі М.Кажобекова, «Ембімұнайгаз» АҚ-да жедел медициналық әрекет ету жобасына жетекшілік ететін Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры И.Сарыбеков, оқу-жаттығулары кезінде өртті сөндіруге жауапты «Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің басшысы Т.Сапарбеков, аталған өндірістік басқарма басшысы С.Әбдиев және бас инженері Ж.Беркалиев арнайы қатысты.

- Жаттығудың нақты мақсаты – жарақаттанған адамға жедел жәрдем беріп, өртті тез арада сөндіру. Жаттығу белгіленген жоспар бойынша өтті, барлық қызметкерлер бірікпелідей атсалысқанын ерекше атап өткім келеді. Құтқарушылар жедел әрекет етіп, тілсіз жауды ауыздықтап үлгерді, жарақаттанған адамға да дәл уақытында жедел көмек көрсетті, - деді Қ.Сақтағанов өз сөзінде.

Айта кетейік, Шығыс Мақат кен алаңы Атырау облысының Мақат ауданында, Мақат кен алаңынан шығысқа қарай 7 шақырым қашықтықта орналасқан. Кен алаңы 1993 жылы пайдалануға берілді. Аталған кен орнында мұнай және газды өндіру цехы, мұнайды дайындау және айдау цехы, гараж және технологиялық көлік арнаулы техникасы цехы, мұнайды дайындау учаскесі жұмыс жасайды.



## «Самұрық-Қазына» қорында оныншы директорлар форумы өтті

Елордада «Корпоративтік басқару арқылы қосылған құнды ұлғайту» тақырыбында «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының 10-шы директорлар Форумы өтті. Іс-шараға Қордың директорлар Кеңесінің мүшелері және ірі портфельдік компаниялар қатысты.

Форум барысында директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру, компанияны басқару модельдері және листингтік компаниялармен өзара әрекеттесудің ерекшеліктері – IPO алдындағы және одан кейінгі өзгерістер талқыланды.

«Қордың қаржылық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған бірқатар шаралар

қабылданды. Қор тобының борышы бір жыл ішінде 1 трлн. теңгеге қысқарды, ал сыртқы борыш 4 млрд. долларға азайды, мерзімі өткен дебиторлық берешек сомасы 80 %-ға азайып, 334 млн. долларды құраған сома қазір 66 млрд. долларға дейін азайды. Әрине, бұның барлығы қаржы көрсеткіштерінің жақсаруына әсер етті», - деп атап өтті Ахметжан Есімов.

Сонымен қатар, Қордың басшысы трансформация бағдарламасының тиімді жаңартылуын, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстарды атап өтті. 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы»

ҰК» АҚ, «Қазахтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «KEGOK» АҚ және «Тау-Кен Самұрық» АҚ халықаралық салалық компанияларда тиісті индустриалды сараптамасы мен тәжірибесі бар үздік сарапшыларды тарту арқылы директорлар кеңесінің құрамын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Форум барысында Қордың жаңа стратегиясының шеңберінде компаниялардың табыстылығын арттыру, портфель құрылымын оңтайландыру, кірістерді диверсификациялау, корпоративтік басқару және тұрақты даму секілді төрт маңызды даму бастамалары туралы айтылды.



Айта кеткен жөн, 2018 жылы Қор барлық негізгі стратегиялық көрсеткіштердің өсуіне қол жеткізді және оң нәтиже берді. 2018 жылы акционердің бір акцияға шаққандағы таза пайдасы 1 141 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 534 млрд. теңгеге артық. **Е**

[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

## «ҚазМұнайГаз» міндеті – өндіріс қауіпсіздігін 100%-ға жеткізу

2019 жылғы 1 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында «Нөлдік көрсеткішке жету – басты міндетіміз» тақырыбымен жыл сайынғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) бас директорларының V форумы өтті. Шара «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобында еңбек пен қоршаған ортаны қорғау саласының ағымдағы хал-ахуалын бағалау және қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мақсатымен өткізіліп отыр.

Форум жұмысына ҚМГ мен еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылары, бірқатар қазақстандық және шетел компанияларының өкілдері қатысты. Компанияның міндеттері мен проблемалық мәселелерін талқылау үшін алғаш рет мердігерлік ұйымдардың өкілдері шақырылды.

Форумның қатысушыларын құттықтаған ҚМГ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев барлық қызметкерлердің ойлау мәдениетін өзгертіп, оларды еңбек, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ор-

таны қорғау мәселелеріне жұмылдыру керектігіне назар аударды. Бұдан басқа, компанияның серіктестері мен мердігерлерінің басты мақсаты нөлдік көрсеткіштерге жету болуы тиіс. Осы жылы олардың еңбек пен қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтауына ерекше бақылау орнату жоспарланып отыр.

«Осы жылы біз мердігерлік ұйымдарда еңбек пен қоршаған ортаны қорғау бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бағдарламасын іске қостық. Себебі олар өндірістік міндеттерімізді іске асыру ісінде маңызды рөл атқарады. Өзара тығыз байланыс жағдайды барынша жақсартуға мүмкіндік береді. «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының және мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үйлеріне жұмыстан аман-есен оралуы үшін біз бар күш-жігерімізді салып, еңбек ететін боламыз», - деді А. Айдарбаев.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша соңғы 4 жыл ішінде компанияда 2018 жыл ең үздік болғанын атап өту қажет. Бұл ретте компания басшылығы келесі кездесуде жағдайды жақсарту мәселесін



емес, нөлдік көрсеткіштерге жетуге келергі келтірген себептерді талқылауды міндеттеді.

Сондай-ақ, жиында компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және су ресурстарын басқару, еңбек қауіпсіздігі мен апаттардың алдын алу, қауіпсіздік мәдениетін арттыру мәселелері бойынша мекемелердің бірінші басшыларының дербес жауапкершілігін күшейту сияқты өзекті мәселелер көтерілді.

Өндірістік қызметте, өндірістік жарамат алу мен қоршаған ортаға залал келтіруде нөлдік көрсеткішке жету мақсатымен компания Қазақстанда алғаш рет қауіпсіздік мәселелеріне арналған SPE Каспий симпозиумын өткізуге бастамашылық жасады. Аталған шара осы жылдың қыркүйек айында KAZENERGY форумы шеңберінде өтетін болады. **Е**

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

## Жастардың басын қосқан «Неконференция»

Маусым айының 29-ы күні Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Жастар жылына орай жас мамандарға арналған «Неконференция» шарасы өтті. Жылдағы форматтан өзгеше ұйымдастырылған жастар шарасына «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-на қарасты еншілес және тәуелді кәсіпорындардан 170-тей жас маман жиналды.

Неконференцияның алғашқы бөлігінде жас мамандар небары 25 жасында ұлттық газ операторында басшылыққа тағайындалған, ірі халықаралық компанияда істейтін, 2 миллион доллар қаржысын қатерлі ісік дертімен ауыратын жандарға емге жіберген, қоғамдық белсенділік пен өндірісті ұштастыра білген табысты жастармен кездесіп, сыр бөлісті.

«ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбаса-

ры қызметіне кіріскен 25 жастағы Тайыр Жанұзақ өзінің жетістік жолы туралы баяндады. Назарбаев университеті мен Қазақ гуманитарлық заң университетінде математика ғылымын зерделеген Қызылорда өңірінің тумасы мансабын 2015 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қабырғасында инвестициялық саясат департаменті менеджментінен бастаған. Өзінің айтуынша, бұлайша өсуге таныс-тамырдан бұрын, үздіксіз білім алу тікелей септігін тигізген және де көкжиегін кеңейтуді өлі де тоқтаусыз жалғастыра бермек.

Онлайн броньдауға қажет Booking желісінің әзірлеуші маманы, Америка Құрама Штаттарындағы әйгілі Силикон аңғарында стартап тәжірибе жинақтаған Әлібек Датбаев жұмыссыз қалып, Павлодарда 120 рет әңгімелесуге қатысқанын шағын еске алады.

2010 жылы Қазақ-Британ техникалық университетін «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту» мамандығы бойынша бітірген Әлібек Booking.com компаниясына жұмысқа шақырылғанға дейін 2 рет «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға түспей сүрініп, 3 рет математика мен информатикадан республикалық олимпиадаға өтпей қалған. Яғни, ол үшін сәтсіздіктер биік белестерді бағындырудың ажырамас бөлігі болған және удайы шындап отырған.

Тағы бір талантты IT-технология білгірі Асхат Мырзабаевтың есімі оқырман қауымға жақсы таныс. Англиядағы беделді банк құрамында жарты жыл еңбектеніп тапқан 2 млн долларын толықтай рак дертімен күреске аударған.

«ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану департаментінің жетекші инженері Данияр Смағұлов кезінде көңілді тапқырлар клубында (КВН) табысты сахнаға шығып, қазіргі уақытта цифрлы өндіріске бағыт аударған.

Сонымен қатар, компанияның жас мамандары есімі күллі әлемге таныс, жалғыз өзі әлемдегі аумағы ең үлкен шөлдер мен шөлейтті жерлерді жүгіріп өткен Марат Жыланбаевпен кездесіп, оның естеліктерін тыңдады.

- Бала кезімде сурет салуды жақсы көрдім. Күніне 9-10 сағат отырып, қоз-

ғалмай сурет салатынмын. Балалық шағым күрделі болды, анам қайтыс болды. Сосын әкем дүниеден өтті. Бес ағайындымыз. Бәрімізді балалар үйіне өткізді. Бастауыш сыныпта сабақ оқыған жоқпын. Күйзелістің әсері болар. Есесіне сурет салдым. Дүниені шарлаймын деп көп ойлайтынмын, іштей дайындық жасадым. Алдымен қорқынышты жеңу керек деп, түнде балалармен далада жүріп, зираттардың жанынан өтіп, мәйітханаға баратынмын. Өсе келе балалар үйінен қашуды шығардым. Автобус, поездбен де қаштым. Ұсталып қала беретінмін. Сосын спортқа бейімделіп, алдыма нақты мақсат қойдым. Арманыма жету үшін еңбектендім», - деп өткен өмірінен естеліктер айтып берді.

Шараның екінші бөлігінде жас толқын Компанияның басшылығымен кездесіп, толғандырған сауалдарына тікелей жауап ала білді. Міне, осылай Бас компания биылғы Жастар форумын бейресми әрі еркін өткізді. Осындай ерекше басқосуға «Ембімұнайгаз» АҚ орталық басқару аппараты мен өндірістік-құрылымдық бөлімшелері қызметкерлері де қатысты.

Бір күнге созылған «неконференция» шарасы қазақтың дарынды әншісі Димаш Құдайбергennің өнерін тамашалаумен қорытындыланды. **Е**









## Ембіліктер «Арыс. Біз біргеміз» акциясына қатысуда

Түркістан облысы Арыс қаласының тұрғындарына көмек ретінде Атырау халқы гуманитарлық жүк жинады. Оның ішіне азық-түліктер, жеке тазалық құралдары және бірінші кезекте қажетті заттар кірді.

Мұнайлы өңірден алғашқы гуманитарлық жүк 25 маусым күні аттанған.

Отандастардың ауыр халіне бей-жай қарап отыра алмаған ембіліктер де қаражат жинап, Арыс қаласының тұрғындарына көмек қолын созуда.

Айта кетейік, 24 маусым күні таңертең Арыс қаласында әскери бөлімнің қоймасында жарылыс орын алған болатын. Қоймаларының бірінде өрт

басталып, артынша жарылысқа ұласқан. Барлық тұрғындар эвакуацияланып, жақын маңдағы елді мекендерге жеткізілді.



## Кәсіподақ төрағаларының сайлауы өтті

«Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» және «Қайнармұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» және ӨТҚЖЖК басқармаларында кәсіподақ ұйымдарының конференциялары өтті. Жиындарға басқармалар басшылары мен цех, учаске басшылары, жұмысшылары және кәсіподақ ұйымы өкілдері қатынасты.

Жиын барысында кәсіподақ комитеттерінің атқарған жұмыстарының есебі тыңдалып, жаңа төрағаны сайлау шарасы өтті.

Нәтижесінде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ ұйымы төрағасы болып Мәлік Урингалиев, «Жайықмұнайгаз»

МГӨБ кәсіподақ ұйымы төрағасы Кенжебай Айдарбеков, «Доссормұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ ұйымы төрағасы Самат Мұханбетов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ ұйымы төрағасы Еркін Мырзашев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының кәсіподақ ұйымы төрағасы Сүндет Шеруенов, «ӨТҚЖЖК» басқармасының кәсіподақ ұйымы төрағасы Самат Орамақов сайланды.

Конференцияға қатысқандар кәсіподақ комитеттерінің қызметін талқылап, жарыссөзге қатынасып, басқарма кәсіподақ комитеттерінің есепті мерзім ішінде атқарған жұмысына қанағаттанарлық баға берді. **Е**

## Нұрлан Ноғаев ТШО басшылығына: «Еңбек жағдайлары бәріне бірдей болуы керек»

Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев «Теңіз» вахталық қалашығына барып, ТШО басшылығымен жиналыс өткізді. Сонымен қатар, «Consolidated Contracting Engineering & Procurement S.A.L. Offshore (CCEP)» компаниясының жұмысшыларымен кездесті. Кездесуге 30-дан астам адам жеңіл дене жарақатын алған тұрмыстық кикілжің себеп болды. Оқиғаны тексерумен және кен орнында еңбекті ұйымдастыру

мәселелерін зерттеумен ведомстворалық комиссия айналысады. Комиссия жұмысын Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары басқарады.

- Бұл проблема еңбек жағдайларының әр түрлі болуынан туындап отыр, ТШО мен мердігер мекемелердің басшылықтары мәселені жүйелі түрде шешулері керек. Біз өз тарапымыздан барлық қолдауды көрсетеміз. Инвесторлар түсінулері тиіс, біздің еліміздің аума-

ғында жұмыс істей отырып, заңнаманы және ешкімнің ар-намысына тимейтін, моральдық-этикалық нормаларды сақтаулары қажет. Бастысы, еңбек жағдайлары бәріне бірдей болуы керек,-деп атап өтті облыс басшысы.

«Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Имер Боннер компания жағдайды реттеуге және болашақта осындай тұрмыстық кикілжіңдердің алдын алуға бар күшін салатынына сендірді.

Жиналыстан кейін облыс әкімі Consolidated Contracting Engineering & Procurement S.A.L. Offshore (CCEP) компаниясының жұмысшыларымен кездесті. Кездесу барысында компания қызметкерлері әкімнен және ТШО басшылығынан жоба жұмысын тоқтатпауды, адамдардың қызметтік міндеттемелерін орындауға кірісе берулерін сұрады. **Е**

**Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## Ардагерлер – асыл қазынамыз

«Ембімұнайгаз» АҚ Орталық кеңсесінде ардагерлерге арналып «Ашық есік күні» шарасы өтті. Оған Ембі кен алаңдарында ұзақ жылдар еңбек етіп, отандық мұнай өндіруші компанияның қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан бір топ ардагер-мұнайшылар шақырылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының ұсынысымен болған шарада ардагер-мұнайшылар Компанияның интерактивтік мұражайы мен Өндіріс процестерін жедел басқару орталығында болып, ұжымның соңғы жаңалықтарымен танысты. Ардагерлер алдында сөз алған Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан Балжанов майталман мұнайшы-

лардың еңбектерін жоғары бағалап, шараның мақсатына тоқталды.

– Қазақ мұнайының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ-да бірнеше мұнайшылар әулеттері қалыптасты. Тарихқа көз салсақ, Ембі өндірісінің қалыптасып, әр кезеңдердегі даму көрсеткіштерінде ардагерлеріміздің зор үлесі барын біз әрқашанда зор мақтанышпен, сыйластықпен айтып отырамыз. Ардагерлерге құрмет көрсету біздің қасиетті борышымыз. Тарихымызды, өткенімізді ұмытпау, үлкенді, қарттарымызды сыйлау және оларға қамқорлық жасау – бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Ашық есік күні» шарасының мақсаты, - деп атап өтті өз сөзінде Бауыржан БАЛЖАНОВ.

Ардагер-мұнайшылар кездесу ұйымдастырған Компания басшылығына алғыстарын айтып, ұжымның қол жеткізген табыстарына ризашылықтарын білдірді. Ембі өңірінің ертеңіне толағай табыстар тіледі.

### Ұсыныс. Пікір. Тілек

**Фарид ДАБЫСОВ, ардагер-мұнайшы:** «Компанияның жаңалығын үнемі іздеп отырамын»

Мен Компания туралы үнемі ізденіп, ақпарат құралдарында жарияланған материалдарды оқып отырамын. Атырау облыстық қоғамдық-саяси басылым - «Атырау» газетінде Ембі өңірі туралы ақпараттық-танымдық, тарихи материалдар жиі жарияланады. Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлының атыраулықтар мен мұнайшыларға арналған мемлекеттік мейрамдардағы құттықтауының тұрақты берілуі өз алдына. Кешегі күндерде қызу еңбектің ортасында жүріп, бүгінде зейнеткерлік демалыста отырған қарттар үшін осы жылы лебіздердің орны қаншалықты қымбат екенін түсінсеңіздер ғой. Міне, өзіміздің ұзақ жылдар еңбек еткен «туған ұжымымыз» бүгін мынадай жақсы шараны ұйымдастырып жатыр.

«Ашық есік күні» шарасы шынын айту керек, бүгінде көптеген кәсіпорындарда ұмытыла бастады. «Ембімұнайгаз» АҚ жиі болмаса да, ара-кідік аталмыш игілікті шараны ұйымдастырып, Компанияның қалыптасып, дамуында зор үлестері бар ардагерлерін ұмытпай, оларға құрмет көрсетіп, бастарын қосып әр түрлі шараларға шақырып жата-

ды, ұжымның бүгінгі жаңалықтарымен таныстырып отырады. Қуанышты жәйт. Бүгінде осы шарада ризашылық сезімде отырмын. Компанияда жаңалық көп екен. Өндірістік процестерді жедел басқару орталығы ардагерлерге қатты ұнады. Бірнеше шақырымдық қашықтықтағы өндіріс алаңдарын бір орталықтан дереу басқарып отыруды кешегі күндерде білсек те, іске қосу арман болатын. Сол біз арман еткен күндер бүгінде шынайы іске асып жатыр. Компания басшылығына үлкен алғысымды айтамын. Ембі өңірінің екінші тынысының ашылатын кездері әлі алда. Мен оған сенімдімін.

**Айман КЕНЖЕБАЕВА, ардагер-мұнайшы:** «Интерактивтік мұражай – тарихқа тағзым»

«Ашық есік күні» шарасын ұйымдастыруға мұрындық болған Компания басшылығына алғысымыз шексіз. Заман талабына сай жабдықталған Интерактивтік мұражай – Ембінің тарихқа жасаған тағзымы. Мұражайда кешегі күндер мен бүгінгі өндірісі шебер ұштасқан. Өзіміз туралы ақпараттарды көріп, оқып, танысып қуанып қалдық. Мұражай әлі де толығымен түседі дегенді естігенде қуанышымыз екі еселенгендей болды.

«Ашық есік күні» шарасын ұрпақтар сабақтастығы деп бағалар едім. Компанияның бүгінгі ұжымы жасарып келе жатқанын байқадық. Жас мамандарға кешегі Ембі тынысын жеткізетін осындай мұражайлар болса керек. Ендеше, Компанияның интерактивтік мұражай жұмысына табыс тілеймін. **Е**





# Алда ауқымды міндеттер тұр

**Компанияға қарасты кен алаңдарының бүгінгі тынысымен мұнайшыларды таныстыру, Ембі өңіріндегі қолға алынып жатқан тың жобаларды кеңінен насихаттау мақсатында өндіріс басшыларымен сұхбат ұйымдастыру дәстүрімізге енген. «Біздің сұхбат» айдарының бүгінгі қонағы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Гибатолла Толағайұлы ШАНАЕВ.**

**- Гибатолла Толағайұлы, сұхбатымызды «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік көрсеткіштерінен бастасақ. 2019 жылдың 2 тоқсанын артқа тастадық. Нәтиже қандай?**

- Пікірімді әріден бастасам. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ 14 кен алаңында өнім өндіруде. Нақтылайтын болсам, С.Нұржанов, Батыс Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов, Құлсары, Қосшағыл, Ақінген, Терең-Өзек, Қаратон, Қисымбай, Аққұдық, Көкімбет, Тәжіғали, Төлес кеніштерінің 11-де өнім өндірілсе, 3-уі консервацияда.

**- Консервацияда тұрған кеніштерді атап, оның себептерін білсек бола ма?**

- Консервацияда тұрған кен алаңдарының жалпы саны- 3. Олар – Тәжіғали, Көшкімбет, Төлес кеніштері. Себептері не жеке-жеке тоқталсам, Тәжіғали кен алаңы Каспий теңізі суының тасқынынан 1989 жылдың 1-маусымынан бері тоқтап тұр. Сулану деңгейінің жоғары болуынан Көшкімбет кеніші 2006 жылдың маусым айынан, Төлес кеніші 2014 жылдың 1-қаңтарынан бері сулану деңгейінің жоғары болу салдарымен қатар қордың сарқылуы себебінен консервацияда. Қаратон, Терең-Өзек, Құлсары, Қосшағыл – төрт кен алаңы бүгінде өнім өндірудің соңғы сатысында тұрған байырғы кеніштер. С.Нұржанов, Батыс Прорва, Досмұхамбетов, Ақтөбе кеніштері табиғи режимде игерілуде.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ 2018 жылдың қорытындысында 1 109,860 мың тонна өнім игерген, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 75 мың тоннаға артық. С.Нұржанов кен алаңының Солтүстік-Батыс қанатында игерілу жұмыстары басталып, 49,295 мың тонна өнім алынды.

2018 жылы Қисымбай кен алаңында сіңірімділік тегістеу жұмыстары №15,22 сұйықтық айдау ұңғымаларын қабат

арасына су айдау көлемін қайта бөлу арқылы қойнауқат өнімділігін арттыру мақсатында жүргізілді. ВПП жүргізілген соң барлық өндіруші және су айдаушы ұңғылардың жұмыс режиміне 18 сағат бойы бақылау жүргізілді.

2018 жылы мұнай және газ кен алаңдарын іздеу және ашылған алаңның болашағын нақтылау мақсатында мұнай-газ өнімділігіне қатысты 6 іздеу ұңғымасы бұрғыланды. Жалпы, өтімділігі 17 700 метр деп жоспарланса, ол нақты 17 310 метрді құрады.

2019 жыл біз үшін жақсы жұмыстармен басталуда. Ағымдағы жылдың 5 айлық көрсеткішінде жоспардағы 553232 тоннаның орнына 554521 тонна өнім өндірілді. 2019 жылы 8 ұңғымасын бұрғылау жоспарланса, олардың 6-уы іске қосылды. С.Нұржанов, Досмұхамбетов, Терең-Өзек кеніштерінде пайдалануға берілген ұңғымалардың жұмысынан қосымша 5,345 мың тонна өнім игерілген. С.Нұржанов кен алаңының Солтүстік-Шығыс алаңында триасты көкжиегін тарту мақсатында №805 ұңғымада жер асты сумен жару арқылы әдісімен тәулігіне 40 тонна дебит өндіру күтіледі.

**Жылдық өнім көрсеткішін көбейту –басты назарда**

**- Ұңғымалардың өнім беру көрсеткішін арттыру мақсатында өзінің тиімділігін көрсетіп жүрген жұмыстың бірі- күрделі жөндеу жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру. Бұл жұмыс бағыты қалай жолға қойылған?**

- Ембі кен алаңдарының дені – байырғы кеніштер. Сулану деңгейінің жоғары болуын жоққа шығармаймыз. Осы орайда ұңғымалардың өнім беру көрсеткішін барынша тұрақтандыру мақсатында барлық тиімді әдістерді қолданамыз. Қойнауқаттың өнім беру деңгейін көтеру мен кен аймағын қалпына келтіру, ағынды қарқындалу жұмыстарын жүзеге асыру үшін 2018 жылы 84 ұңғымаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның 77 ұңғымасы өнім беріп тұрса, 7-уі – айдау ұңғымасы. Олардан қосымша 42,623 мың тонна өнім алынды. Өнім беріп тұрған ұңғымалардың табыстылығы 75 пайызды құраса, айдау ұңғымаларының табыстылығы 100 пайызды толық құрап отыр. 2008-2018 жылдар аралығында жалпы саны 135 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізіліп, нәтижесінде кен алаңдарының сулану деңгейін 98,7 пайыздан

97 пайызға дейін түсіруге қол жеткіздік.

**- 2019 жылдың 5 айлық қорытындысында 34 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізіліп (жылдық жоспар 84 ұңғыма), қосымша 6618 тонна өнім алынды. Осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілмекші?**

- Иә, жоспарды артығымен орындауға бар күш-жігер салынатын болады. Алдағы уақытта жылдық өнім көрсеткішін көбейту, мұнайдың сынағын тұрақтандыру және арттыру пайдалануға жаңа ұңғымаларды енгізу есебінен, сондай-ақ, су ағысын шектеу мақсатында кен алаңдарында жүргізілетін ГТМ есебінен қолдау табады.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ келешекте тұрақтылықты сақтау және жылдық сынақты арттыру мақсатында 1920 жылы пайдаланушы ұңғымаларды бұрғылау ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының күшімен геологиялық-техникалық шараларды ұйымдастыру, ұңғыма түбі маңына әсер ету, әрекетсіз тұрған ұңғымаларды іске қосу жұмыстарын жалғастырамыз.

Прорва өндірістік басқармасына қарасты кен орындарында мұнайды жинау және тасымалдау жүйесін жақсарту бақытында жаңа технология енгізу жұмыстары да жалғасады.

2020 жылы жобасы жасақталудағы УБС-Прорва МДАЦ арасында мұнай құбырын салу жоспарланып отыр, мұндағы мақсатымыз Батыс Прорва кен алаңының қабат қысымын түсіру арқылы мұнай өндіру ұңғыларының тиімділігін көтеру. Жаңа технологияны өндіріске енгізу бағытында триас қабатындағы динамикалық деңгейі төмен ұңғыларға сызықты жетекті сораптарды жіберу қаралып отыр, артықшылығы 1500-3500 метрге жіберу мүмкіндігі және 4-30 м3/тәулік өнімді көбейту. Сонымен қатар штангасыз электр бұрандалы сораптар жоспарланып отыр, сол арқылы электр қуатын үнемдеуге жол ашамыз, пайдалы іс әрекет ету коэффициенті жоғарылайды, нақтыласам, 78-93 пайызға дейін көтеріледі.

Әйнек пластикалық штангілерге тәжірбиелік-өндірістік сынақ жұмыстары жүргізілді, оның артықшылығы штангілер колоннасының салмағы азайып, тұтанбайтын материалдан жасалған, пайдалану мерзімі 5-6 есеге ұзарады, жалтырауық штокке түсетін жоғарғы жүктеменің 30 пайызға азаюынын ШТС 2000 метрден төмен тереңдікке жіберу мүмкіндігі пайда болады.

2018-2019 жылдары ұңғыларды парафиннен тазарту аралық уақытын ұзарту мақсатында, ұңғыларға қыздыру қондырғысын жіберу жұмыстары жалғасуда.

**- Ембінің ірі жобаларының бірі- Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қарасты Прорва кенішіндегі ірі өндірістік нысан. Әңгіме бағытын осы өндірістік нысанның жұмысына қарай бұрсақ.**

- 2017 жылы іске қосылған Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ірі инвестициялық жобасы. Жылына 150 млн текше метр газды өңдейді деп жобаланған қондырғы іске қосылғаннан кейін жыл сайын: тауар газы, тұрақты газ конденсаты және түйіршіктелген күкірт өндіріледі деп күтілуде. Тауар газды «Толқын» ГКДҚ-ГЖП (газ жинау пункті) кеніштік газ құбыры арқылы та-

сымалдау жоспарланып отыр, тұрақты газ конденсаты өндірістің сұранысына орай пайдаланылып, ал түйіршіктелген күкірт – ішкі және сыртқы нарыққа сатылатын болады. Отандық жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорын-біздің Компания үшін экологияны сақтау, қоршаған ортаға зиян келтірмеу - бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Аталмыш қондырғының іске қосылуы осы мақсаттан қолға алынған ауқымды жұмыс.

**- Күрделі құрылыс туралы айта кетсек...**

- 2019 жылы негізгі қорларды жөндеу жұмыстары орындалуда, атап айтқанда өндірістік ғимараттарды жөндеу, «Каспий Самалы» мұнайшылар қалашығындағы 40 және 200 орынды асханалар, Аққұдық кен орынындағы жатакана мен асхана, Қарашүңгіл ескерткіші, басқарма бойынша 5 тік болат қазанын жөндеу және 8 тік болат қазанын сырлау, электр желісінің бойына топырақ төгу, Ақтөбе кен алаңы бағытындағы өндіріс ішілік жолды жөндеу жұмыстары қолға алынуда.

2020 жылы ғимараттарды салу және жөндеу, ұңғыларды жайғастыру, мұнай дайындау және айдау цехының автоматтандыру жүйесін жаңарту, сонымен қатар, мұнай дайындау және айдау цехы ғимаратын жаңарту және қайта құру, Прорва бағытындағы кен орындарды сумен жабдықтау мақсатында су өндіру ұңғыларын жайғастыру жұмыстары жоспарлануда.

**Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту**

**- Қандай ма ұжым болмасын, негізгі байлығы- қарапайым еңбек адамы. Біздің Компанияда мұнайшылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту, олардың қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етулеріне барлық жағдайды жасау негізгі бағыттарымыздың бірінен саналатыны рас.**

- Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту түсу жолындағы жұмыстарымыз жыл сайын толығы үстінде. 2018 жылы Ақінген кен орнына жаңадан 22 орындық мобилді жатакана іске қосылса, Құлсары жатақханасына 32 орынға кеңейтіліп жаңарту жұмысы жүргізіліп тапсырылды. Қисымбай кен орнына 50 орындық жаңа асхана салынды. Кен орындарына қазіргі заманға сай 8 мобилді операторлық вагон берілді. Прорва кен орны және Терең-Өзек кен орындағы асханаларға тамақ сақтауға арналған мобилді салқындатқыш қойма алынды. Прорва кен орнындағы «Каспий Самалы» қалашығындағы №2, 3 жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2019 жылы да осы бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. Аққұдық кен орнындағы жұмысшылар жатақханасында және Прорва кен орны «Каспий самалы» вахташылар қалашығындағы №1 және 2 асханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Сонымен қатар, мұнайшылар мен олардың отбасыларына әлеуметтік көмектер: жазғы демалыс уақыттарын ұйымдастыру, медициналық қамсыздандыру т.б. қолдау шаралары да көрсетіледі. Ойымды қысқаша түйіндесем, мұнайшылар Компания тарапынан толықтай әлеуметтік қолдауға ие. **Е**

**- Сұхбатыңызға рахмет!**





# Мұнайшылар асханасы пікір алмасатын демалыс аймағы болуы керек



**«Жақсы жұмыс жасау үшін, тамағыңның тоқ болуы маңызды. Аш құрсақ адамның миында асқазаны тұрады», – дегендей, сапалы тамақтанудың маңызы ерекше. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарында орналасқан асханаларда мұнайшыларды сапалы да дәмді тамақпен қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалған. Бүгінгі «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының директоры Эдуард Ғаббасұлы ХИСМЕТУЛЛИН-МЕН сұхбатымыз мұнайшыларға көрсетіліп жатқан қызметтер төңірегінде болмақшы.**

**- «KMG EP-Catering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында тығыз әріптестік байланыс орнатылған. Сіздің ұжымыңыздың атқарып отырған қызметі ембілік мұнайшыларға жақсы таныс. Десек те, өзіңіз жетекшілік ететін мекемені оқырмандарға қысқаша таныстыра кетсеңіз.**

- «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ еншілес мекемесі – «KMG EP-Catering» (бұрыңғы «Өзен Елес») ЖШС-нің Атырау филиалы 2007 жылдың қыркүйек айында өз жұмысын бастады. Оның қызметінің негізгі түрі «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында орналасқан асханаларда мұнайшыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету болып табылады.

2007 жылы филиал «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнай-

газ», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына қарасты 17 асханада тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстарын бастады. Қазіргі таңда жұмысшыларды тамақтандыруды ұйымдастыру 31 стационарлық асханада жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, біздің филиал «Ембімұнайгаз»АҚ Орталық басқару аппараты қызметкерлеріне де клинингтік қызмет көрсетеді. Жалпы, Орталық басқару аппаратында біздің 25-ке тарта адамымыз жұмыс жасап, бас кеңседегі өндірістік және қызметтік бөлмелердің, кеңсе аула аумағының тазалығын қадағалап, күтім жұмыстарын жүргізеді.

**-Асханаларда күніне неше адамға қызмет көрсетіледі? Ас мәзірі дайындаларда мұнайшылардың ұсыныс-пікірлері ескеріледі ме?**

- Ембі өңіріндегі мұнайшылар асханасында күн сайын 2 500-ге тарта ембілік маман тамақтанады. Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 55 мердігерлік кәсіпорнының қызметкерлерін де ыстық тамақпен қамтамасыз ету міндетімізге жатады.

Ас мәзіріне келетін болсақ, «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару департаменті, басқармалардағы әлеуметтік саясат бөлімінің қызметкерлерімен тығыз байланыс орнатып, солар арқылы мұнайшылардың пікірлерімен танысамыз. Жұмысшылардың ұсыныстарын ескеру, іс жүзінде нәтижелі ету жолында жұмыстану

– үнемі назарда ұстайтын бағытымыз. Асханада жұмысшыларға ас мәзірі бойынша әр түрлі тағамдар дайындалады. Ас мәзіріне сай тағамдарды дайындауда әр азық-түліктің дәрумендері, калориясы міндетті түрде ескеріледі. Тағам тізімінің түрлілігі, молдығы, ас дайындаудың жоғары сапалылығы, дәмділігі, сонымен қатар өте сыпайы аспаздар ембілік мамандардың көңілінен шығуда деп ойлаймыз.

**- Осы жерде тағамның сапасы жөнінде тағы бір сауал, ауысымдық әдіспен еңбек ететін мұнайшылар тарапынан ара-кідік тағамның сапасына сыни пікірлер айтылады? Сіздерге бұл сыни пікірлер дер кезінде жетіп жатырма? Мұнайшылар тарапынан болатын ренішті пікірлердің алдын алу үшін не істеп жатырсыздар?**

- Өрине, «Ембімұнайгаз» АҚ - бес мыңнан астам адамның басын қосқан үлкен ұжым. Ұжымдағы әрбір адамның көңілін табу оңай емес екенін жақсы түсінеміз. Алайда, біз мұнайшылардың барлығының пікірін ескере отырып, сапалы қызмет етуге тырысамыз. Бұл орайда, екі-үш ай сайын вахта ауысым кезінде филиал қызметкерлері қатысуымен мұнайшылармен кездесулер өткізіледі. Жүріп жатқан жұмыстар туралы есеп беріледі, мұнайшылардың тарапынан туындаған сұрақтарға жан-жақты жауаптар беріліп, айтылған ұсыныстарын на-

зарға алып, болашақта сол бағытта жұмыс істеуге тырысамыз.

**- Қай салада болмасын, жұмыстың сапасы білікті маманға байланысты. Мамандарыңыздың кәсіби деңгейін анықтайтын, олардың үнемі бәсекеге лайық болуын назарда ұстау бағытындағы шараларға тоқталсаңыз.**

- Жыл қорытындысына арналған кәсіби шеберлік сайыстарды тұрақты ұйымдастыру дәстүрімізге енген. «Үздік асхана», «Үздік аспазшы» сайыстарын өткізудегі мақсатымыз – мұнайшыларға сапалы қызмет көрсеткен, кәсібін шебер меңгерген мамандарды анықтау. Сонымен қатар, асхана қызметкерлері үшін біліктілігін арттыру бағытындағы арнайы курстар мен тәжірибе алмасу семинарлары тұрақты ұйымдастырылады. Бұл аталған шаралар – мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, заман талабына сай еңбек етуді көздейтін игі істер. Біз аспазшылардың мұнайшыларға сыпайы, мәдениетті қызмет көрсетуін де үнемі бақылауда ұстаймыз. Асхананың дизайнын жасақтарда мұнайшылардың көңілдерінен шығу – назарымызда. Асхана мұнайшылар тек тамақтанатын ғана емес, сонымен қатар, бір-бірімен әңгімелесіп, жұмыс барысындағы ойларын, ұсыныстарын ортаға салатын, уақыттарын жақсы өткізетін аймақ болуы тиіс. Біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда осы қағиданы негізге аламыз. **Е**

**- Сұхбатыңызға рахмет!**





## Құлсарыда әмбебап спорт алаңы іске қосылды

«Самұрық-Қазына» АҚ-на қарасты компаниялар тобының үлесімен аймақтарда «Менің елім» әлеуметтік инвестициялық жобалар Бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. 2018 жылы аталмыш бағдарлама аясында ел бойынша 41 әмбебап спорт және балалар ойын алаңы, 11 workout-алаңы пайдалануға берілген болатын.

2019 жылы да игілікті шара жалғасып, Атырау облысы бойынша 40 алаңды іске қосу жоспарланған. Соның бірі, өткен аптада мұнайлы өңір-Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында әмбебап ойын алаңының ашылу салтанатты шарасы өтті. Шараға аудан жұртшылығы, мектеп оқушылары, аудандағы іргелі ұжым «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері қатысты.

Балалардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсаты аясындағы нысанның ашылу салтанатында сөз алған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысының орынбасары Табылды ҚАНАТ-БАЕВ отандық мұнай өндіруші компания - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мұнайлы өңір инфрақұрылымының дамуын жіті назарда ұстап отырғандығын атап өтті.

Әмбебап алаңда футбол алаңқайы, тренажер алаңы, балалардың ойын алаңқайлары қарастырылған. Спорт алаңы толықтай заман талабына сай жабдықталған. Футбол алаңқайы жасанды көгалдармен, балалар алаңы мен тренажер аймағы қауіпсіз жіксіз тартан резеңке ұнтағынан жасалған жабындымен қамтылған. **Е**



## Әріптестік байланыс

### Журналистер ұлығыланған күн

Қазақстан Республикасы ақпарат және байланыс саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компания тынысы мен жаңалықтарын қалың жұртшылыққа насихаттау мақсатында еңбектеніп жүрген Атырау облысының бірқатар журналистерін қабылдап, мерекемен құттықтады.

Кездесуге республикалық «Егемен Қазақстан» газеті, «Қазақстан» ұлттық телеарнасы, «Хабар 24 KZ», «КТК», «Астана» телеарналарының, ҚР Журналистер одағы Атырау филиалының төрайымы А.Қалусариева, «Атырау-Ақпарат» ЖШС-нің, облыстық «Атырау», «Прикаспийская коммуна», «Ақ Жа-

йық» газеттерінің, «Атырау», «Caspian news» телеарналарының, аудандық «Қызылқоға», «Кең Жылыой», «Мақат тынысы», «Нарын таңы» газеттерінің басшылары мен басқа да журналистер қатысты. Сондай-ақ, кездесуде ЕМГ тарапынан өндіріс жөніндегі басқарушы директор А.Құтжанов, энергетикамен қамту және газ шаруашылығы жөніндегі басқарушы директор Б.Сейтқазиев, кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директор Қ.Көзов, келешекте дамыту жөніндегі басқарушы директор Т.Шаймерденов, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті И.Сарыбеков, қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі Л.Сүлейменова және қызметкерлері болды.

- Сіздер уақытпен санаспай, қоғамға елде, облысымызда болып жатқан оқиғалардан жедел, толыққанды ақпаратты уақытылы жеткізу үшін қызмет етіп келесіз. Сіздердің жұмысыңыздан қоғам пікірі қалыптасады. Сондықтан, сіздердің еңбектеріңіз маңызды және үлкен жауапкершілікке ие. Ембінің ұзақ жылғы тарихында БАҚ өкілдері компанияның өндірістік, әлеуметтік қызметін жұртшылыққа кеңінен насихаттап келеді. Жуырда ембіліктердің облыстағы бес аудандағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға баспана кілттерін табыстау жөніндегі қайырымдылық шараларында да БАҚ саласы қызметкерлері белсенділік көрсетті, - деп атап өтті Ә.Жақсыбеков.

Кездесу барысында журналистер компания басшысымен еркін әңгімелесу форматы ұйымдастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері компания басшысына сауалдарын қойып, оларға тұшымды жауаптар берілді.

Соңында ақпарат құралдары өкілдері компания басшылығы тарапынан Алғыс хаттармен марапатталып, естелік суретке түсті. **Е**




## Ембілік мамандар

### Елорда төріндегі жеңіс

Тек Атыраудың ғана емес, еліміздің спорт саласында Қазақстанның намысын абыроймен қорғап жүрген әріптесіміз, «Ембімұнайгаз» АҚ корпоративтік қауіпсіздік және жұмылдыру жұмыстары қызметінің қауіпсіздік қызметінің аға маманы Исатай Теміров тағы да көк байрағымызды биікке көтерді.

28 маусым күні Нұр-Сұлтан қаласының «Барыс» аренасында аралас жекпе-жектен М-1 Challenge 102 халықаралық турнирі өтті. Жекпе-жектер 13 салмақ дәрежесі бойынша өтті. Соның ішінде, жеті спортшы Қазақстанның намысын қорғады.



Исатай 77,1 келі салмақ дәрежесінде канадалық Спенсер Джеббпен жекпе-жек алаңына шықты. Бұған дейін 19 кездесу өткізген Спенсер тек алтауында ғана жеңіліс тапқан. Осы жолғы жекпе-жек үш раундқа созылып, төрешілердің шешімімен жеңіс Исатайға бұйырды.

- Бұл жеңіске жету жолында ұзақ еңбектендім. Маған қолдау білдірген барша қазақ халқына алғысым шексіз.

Бауыржан Берғали, Манап Қабдиев бапкерлеріме ерекше алғыс айтамын. Аталған тұжырымдамада еліміздің туын асқақтатуға, дайындығыма ат салысқан Нұрберген Шарипов, Олжас Молдағалиев, Самат Жағпаров, Арман Тугаев және басқаларына ықылас білдіремін, - дейді Исатай бізбен әңгімесінде.

Айта кету керек, кеудесін қуаныш сезімі кернеп тұрған сәтте де Исатай өз отандастарының жағдайын ұмытпай, жеңістен түскен қаражаттың тең жартысын зардап шеккен Арыс халқына аударды. **Е**

## Цифрландыру

### Сандық жүйе сапаны жақсартады

Жуырда «Ренессанс» қонақүйінде ҚР Энергетика министрлігі, «PROFIT Online» ЖШС және Caspersky компаниясының ұйымдастыруымен мұнай-газ саласындағы цифрландыру мәселесі бойынша конференция өтті.



«Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаменті директорының орынбасары Серік Сағынбеков «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасымен таныстырып, Уаз кен алаңында енгізілген концепция туралы толығырақ айтып берді.

- Тұжырымдаманың енгізілуі орай, электр энергиясын пайдалану 30%-ға азайып, ұңғымаларды жөндеу аралық мерзімі айтарлықтай қысқарып, олардың тәуліктік өнім өндіру көрсеткішіне есеп жүргізуге мүмкіндік туды. 2017 жылы бұл жоба «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңына енгізілсе, 2018 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап кен алаңына қолға алынды. 2024 жылға дейін ЕМГ-ге қарас-

ты 12 кенішке тұжырымдама таратылады, - деп атап өтті өз сөзінде С.САҒЫНБЕКОВ.

«Интеллектуалды кен алаңы» жобасы «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді. «Интеллектуалды кен алаңы» жобасының мақсаты:

- Мұнай өндіруді және басқа да жалғаспалы бизнес процестерді оңтайландыру бойынша жедел шешім қабылдау және талдау, мониторинг жүргізу үшін компанияның өндірістік процестерін өндірісті жедел басқару Орталығына шынайы уақыт режимінде түсетін ақпараттарды бұдан әрі қорытындылау және бизнес-процестерді автоматтандыру,

- Жетілген активтерде – табыстылық, мұнай беру және жалпы дайындау



мерзімін созу бойынша міндеттердің мақсатқа сәйкес дайындаудың соңғы кезеңдерінде жоғары суландырылған кен орындарға қолданылатын басқарушылық шешімдер қабылдауды қолдау.

Жиын соңында конференцияға қатысушылар аталған тұжырымдаманың жақсарталуы, қазіргі нақты тиімді тұстары жайында сауалдарын қойып, жауаптар берілді. **Е**



# Ембілік мұнайшылар Зейнеп Ахметовамен кездесті

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты еңбек ұжымдары арасында қазақтың айбынды ұлы, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының келіні, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттаушы, жазушы Зейнеп Ахметовамен кездесу болды. Кездесу барысында З.Ахметова ұлттық тәрбие, рухани құндылық, халқымыздың салт-дәстүрлері, отбасылық сыйластық, бала тәрбиесі сонымен қатар, Бауыржан Момышұлы туралы тағылымды әңгіме қозғады.

Үш күнге созылған кездесу Жылыой ауданында басталды. Шараға аудандағы іргелі кәсіпорын - «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы және аудан жұртшылығы қатысты. Аудан орталығы Құлсары қаласындағы «Мұнайшы» мәдениет үйіндегі кездесуде Зейнеп Ахметова батыр туралы толғаныстарын айта келіп, ұлттық құндылықтар, салт пен сана, бүгінгі қазақ келіндері туралы да өз ойымен бөлісті.



Келесі күні жазушы Зейнеп Ахметова Доссор кентінде болып, «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында еңбек етіп жатқан мұнайшы қыздармен кездесті. Мұндағы кездесу барысында да тағылымды әрі тәрбиелі әңгімелер айтылды. Өз сөзінде жазушы ана тәрбиесі үлкен сабақ екенін, сондықтан да қазақ қыздарының инабатты, тәрбиелі болу керектігін жеткізді.

Кездесу шарасы Атырау қаласындағы Компанияның бас кеңсесінде қорытындыланып, онда жазушы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ, «ӨТҚЖЖК» мен «Ембімұнайэнерго» басқармаларының ұжымдарымен кездесті.

Кездесулер соңында жиналғандар жазушының оқырмандар арасында кең тараған кітаптары мен қолтаңбасын алып, естелік суреттер ұйымдастырылды.

Е

## Ішкі коммуникация

### Жастар бірлігі – ел қуаты

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы аясында 2019 жыл «Жастар жылы» болып жариялауына байланысты және Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай «Бесікті» демалыс базасында ембілік жас мамандар эстафетасы ұйымдастырылды.

Компанияның әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаменті мен Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен шараға «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінен 80-ге жуық жас маман қатысты.

«Team building» форматында өткен шараны әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаменті директорының орынбасары Бекет ГУБАЙДУЛЛИН ашып, шараның маңыздылығына тоқталды.

- Компанияда жастарға үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. «Бірлігі

мықты жастар болашаққа жол бастар» демекші, әр өндірістік басқармада қызмет ететін жастардың бір-бірімен танысып, араласуы, пікір алысып, тәжірибе алмасуы үшін осы шараны ұйымдастыруды қолға алдық, - деп атап өтті Б.Губайдуллин.

Жастар эстафетасында әр өндірістік басқармадан жиналған жас мамандар төрт командаға бөлініп, түрлі ойын тапсырмаларын орындады. Ой ұшқырлығын дамытып, ұйымшылдықпен, ұжым-

мен жұмыс жасауды үйренді. Сайыс ережесіне сәйкес кедергілерден өтіп, бақтарын сынады.

Қызу да тартысты жарыстар нәтижесінде «Морковки» командасының мүшелері ынталандыру дипломдарымен марапатталды. ІІІ орынды «Қызыл бархат» командасы еншілесе, ІІ орын «Альфа» командасына бұйырды. Ал, жеңіске жеткен – «Жасыл ел» командасы. Барлық жүлдегерлерге диплом, медальдар табысталды.

Е



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

**Редакциялық кеңес:**

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:** «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі